

**«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ
АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ»**
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

100024, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28 үй,
тел.: (7212) 35-64-12, тел./факс: (7212) 35-63-98
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz



Некоммерческое акционерное общество

**«КАРАГАНДИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА»**

100024, г. Караганда, ул. Университетская, 28,
тел.: (7212) 35-64-12, тел./факс: (7212) 35-63-98
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz

Non-profit limited company

«KARAGANDY UNIVERSITY OF THE NAME OF ACADEMICIAN E.A. BUKETOV»

28, Universitetskaya Str., Karaganda, Kazakhstan, 100024
tel.: (7212) 35-64-12, tel./fax: (7212) 35-63-98
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz

№ 02-07/5910
на № _____ от _____

«13» 10 2023 ж.
« » 20 г.

**Ұлттық мемлекеттік ғылыми –
техникалық сараптама
орталығының
басқарма төрағасы
А. К. Кашкинбековке**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 8D01101 - Педагогика және психология білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңес Сармантаев Аян Сапаровичтің «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясын авторға және алу көзіне сілтемесіз алынған материалын пайдалануына тексеруді сұрайды.

Диссертация аталған тексеруге екінші рет жіберілуде, себебі зерттеу жұмыстың ресми қорғауы 2023 жылы 12 мамырда (№3 хаттама) өткен. «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ Сараптау кеңесінің қорытындысы (13 қыркүйек 2023ж №6 хаттама) бойынша ұсынылған диссертация пысықтауға жіберілді. Осыған орай, аталмыш жұмыс қайта пысықталып, өңдеулер енгізілгендіктен Сармантаев Аян Сапаровичтің «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясын авторға және алу көзіне сілтемесіз алынған материалын пайдалануына қайта тексеруді сұрайды, сонымен қоса диссертация ресми сайтқа жолданады. Қайта қорғау жұмысы 3 қараша 2023жылы өтеді.


**Диссертациялық кеңестің төрағасы
п.ғ.д., профессор**

С.К. Абильдина

Орындаушы: Мухаметжанова А.О
Тел.: +77711952139



001806



Білім беру, психология және когнитивтік ғылымдар бойынша
Сараптау кеңесінің қорытындысы

2023 ж. «13» қыркүйек

№ 6 хаттама

Тындалды:

8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы диссертацияны қорғау негізінде докторант **Сармантаев Аян Сапаровичке** философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы қолдау хат бойынша 2023 жылғы «12» мамырдағы (№ 3 хаттама) Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің жанындағы диссертациялық кеңестің шешімі туралы № PhD – 4896 – 24.05.2023 іс.

Сарапшы XXXXXX тындап және істің материалдарын талқылап, Сараптау кеңесі мынаны белгілейді:

1. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында іске асырылатын ғылыми дамудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Докторант диссертация тақырыбын Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыруда ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін бірнеше нормативтік құжаттарға және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауына негіздейді.

2. Диссертацияны өзі жазу қағидатының сақталуы. Докторанттың жоспарға сәйкес диссертация тақырыбының әдіснамалық негіздері мен әдістемесін ашуы және эксперимент белімде статистикалық талдау әдістерін қолдануы өзі жазу қағидатының сақталғандығын көрсетеді.

3. Диссертацияда ішкі бірлік қағидатының сақталуы. Диссертация екі тараудан тұрады: әдіснамалық негіздері және әдістемесі. Докторант бөлім мен бөлімшелердің, кестелер мен суреттердің атауларында диссертация тақырыбын толық түрде қайталап қолданған: «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру...».

Бірінші бөлімнің «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері» бөлімшесінде «ойын» ұғымын талдауға мән берілген. Ұлттық-қозғалмалы ойындардың педагогикалық мүмкіндіктері айқындалмаған.

«Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы

қалыптастырудың мазмұны» бөлімшесінде бастауышта оқитын білім алушының жас және дара ерекшеліктері ескерілмеген, бастауыш сыныптың баласына сәйкес ұлттық-қозғалмалы ойындардың мазмұны мен танымдық белсенділікті қалыптастыруы туралы ақпарат жоқ.

«Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістері» бөлімшесінде модульдік оқыту технологиясы жалпылай берілген, бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы ережелеріне сәйкес формалары мен әдістері көрсетілмеген. Блум таксономиясына сәйкес ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушысының таным белсенділігін қалыптастырудың механизмдері айқындалмаған. «Ұлттық қозғалмалы ойындар» элективті курсы бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы таңдау курсы мен факультативтік курс ретінде жүргізілмеген. Бастауыш сыныптарда дене шынықтыру пәнін модульдік технология арқылы оқыту мен үйретуді жобалау (Кесте 8) кестесінде берілген модульдің мазмұнында сыныбы, бастауыш сынып оқушысының жас және дара ерекшеліктері жоқ. «Ұлттық-қозғалмалы ойындар» курсының модульдік оқыту технологиясы бойынша құрастырылған оқу-тақырыптық жоспары (Кесте 9) мен кестенің астында берілген сабақ бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы тақырыптық жоспарға және сабақ үлгісіне сәйкес емес, классикалық түрде берілген. Сурет 6, 7, 8 stud.kz сайтынан алынғандығы көрініп тұр, сілтеме берілмеген.

«Бақылау тобына №66 мектептен 59 оқушысы, эксперимент тобына №16 мектептен 8 оқушысы тіркелді» деген ақпараттан (112 бет) мектеп атаулары, оқушы саны туралы ақпарат қате берілген. Диссертацияның өн бойында грамматикалық қателер жиі кездеседі (мысалы, зерттеудің пәні: оқушылардың танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудағы бастауыш сынып мұғалімнің іс-әрекеті. Әсіресе 17, 18, 25, 26, 29, 38, 40, 45, 55, 59, 62, 72, 79 беттерде қатты байқалады. Сонымен бірге, Ә мен Г қосымшарында «мектеп директоры» деген сөзде т әрпі мен к әрпі ауысып кеткен, бірақ қол қойылып, мөр басылған), сөйлемдер мен сөздердің бірігіп кетуі шамадан тыс көп, түсініксіз сөздер жиі кездеседі (мысалы, «өзбеттілікпен» 17, 21 беттер; «математикаландыру» 17 бет). Сонымен қатар, көптеген мәтіндерде сөздер мен сөйлемдер түсініксіз аударылып, мағынасы өзгертіліп берілген. Әсіресе бірінші бөлімшеде жиі кездеседі.

«Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінде» (Сурет 3) бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы тұғырлары мен принциптері жоқ.

Сауалнаманың пайыздық көрсеткіштері (Кесте 4) экспериментке дейін берілген, эксперименттен кейін берілмеген.

4. Диссертацияда ғылыми жаңашылдық қағидатының сақталуы, негізгі ғылыми нәтижелері. Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісі зерттеу нысанына сәйкес келесідей ғылыми жаңашылдық қағидаттары сақталады:

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру теориялық еңбектерге және нормативтік құжаттарға негізделген;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың теориялық моделі жасалған;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұны жалпылай анықталған;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістері жалпылай берілген;

- дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың формалары мен әдістерінің тиімділігі эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы тексерілген, соның негізінде ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жалпылай көрсетілген.

5. Диссертацияда дәйектілік принципінің сақталуы. Зерттеудің эксперимент бөлімінде докторант авторлық сауалнаманы қолданған. Салыстырмалы талдау жасай алған. «Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №16 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде эксперименттік жұмыс жүргізген. Қарағанды қаласы әкімдігінің «Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №16 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектепте ұлттық-қозғалмалы ойындарды ұйымдастыру әдістемесі» атты арнайы семинар өткізген. Докторанттың диссертация мазмұнында нормативтік құжаттарды қолдануы және ғылыми еңбектермен жұмыс жасауы дәйектілік принципін сақтағандығын нақтылайды.

6. Диссертацияда практикалық құндылық принципінің сақталуы. Диссертацияның практикалық немесе теориялық мәні бар (керектісін сызу қажет). Докторант «таным», «белсенділік», «танымдық белсенділік» ұғымдарының мәнін және «ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру» түсінігіне авторлық анықтама берген. Теориялық модель құрастырылып, жалпы білім беретін мектептерде тәжірибеден өткізілген. Диссертацияның теориялық мазмұны ғылыми мақалаларда жарияланған.

7. Диссертацияда академиялық адалдық қағидатының сақталуы, диссертацияда авторы мен дереккөзі көрсетілмеген бөтен материалдың (плагиат) болуы. Жоқ

8. Жарияланымдар толықтығының сәйкестігі:

диссертация тақырыбы бойынша:

барлығы ғылыми еңбек - 16;

оның ішінде:

Басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда – 4 (Дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық ойындар арқылы қалыптастыру // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі – Ғылыми-теориялық журнал – 2023 – 1(71) – Б.122-130. Мақаланың атауы диссертацияның тақырыбымен қайталанған, мамандық бағыты сәйкес келмейді. Сондықтан да, докторанттың 1 мақаласы есепке алынбайды);

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс))ақпараттық компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторға ие немесе индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдарда -;

Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін - 2 (*Sarmantayev A. S. et al. Physical Education in Primary Schools: Cognitive Stimulation, National Active Games and Cultural Background // Space and Culture, India. – 2020. – Т. 7. – №. 4. – С. 255-263. Scopus-та қамту жылдары: 2013 жылдан қазіргі уақытқа дейін, білім беру бағыты 2022 жылы 50 процентиль – есепке алынады.*

Algozhina A. et al. Cross-cultural study of the qualitative aspects of higher education teachers' emotional intelligence: Kazakhstan and Russia // Journal of Applied Research in Higher Education. – 2022. – Т. 14. – №. 3. – С. 1099-1113. Scopus-та қамту жылдары: 2009 жылдан қазіргі уақытқа дейін, білім беру бағыты 2022 жылы 69 процентиль – есепке алынады).

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) компаниясының деректер базасына енгізілген шетелдік патенттер -;

басқа жарияланымдар 10 жарияланды.

Жарияланымдар Дәрежелерді беру қағидаларының (әрі қарай - Қағидалар) 6-тармағына сәйкес келеді.

9. Аттестациялық іс материалдарының Қағидалар талаптарына сәйкестігі. Сәйкес.

Рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіз болу қағидатының сақталуы. Сақталған.

Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге сәйкес қорғау рәсімінің сақталуы. Сақталған.

10. Диссертациялық кеңеске ескертулер: 1) Докторантты диссертациялық отырысқа кәсіби дайындау (себебі, докторант қағаздан басын көтермеді); 2) Диссертация жұмысының дайын болуын жүйелі түрде қадағалап, қорғауға ұсыну (граматикалық қателер шамадан тыс көп, тіпті сайтта сол қате нұсқасы ілінген); 3) Ресми рецензенттердің пікірлері формальді түрде жазылған; 7) Видеода техникалық үзілістер жиі кездеседі.

11. Сараптау кеңесінің шешімі: 3) Ережеге сәйкес докторанттың диссертациялық жұмысының мәтіні бойынша елеусіз ескертулер бар және оны

түзету жұмыстың мәнін өзгертпейді. Сондықтан да, докторант Сармантаев Аян Сапаровичтің диссертациясы келесі ескертулерді жөндеу үшін пысықтауға жіберіледі:

- Диссертацияның бөлімдері мен бөлімшелерінің, кестелер мен суреттерінің атауларында толық түрде қайталанған диссертация тақырыбын сұрыптау;

- «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері» бөлімшесін ұлттық-қозғалмалы ойындардың педагогикалық мүмкіндіктері туралы ақпаратпен толықтыру;

- «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұны» бөлімшесінде бастауышта оқитын білім алушының жас және дара ерекшеліктерін нақтылау, бастауыш сыныптың баласына сәйкес ұлттық-қозғалмалы ойындардың мазмұны мен танымдық белсенділікті қалыптастыру туралы ақпарат қосу;

- «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістері» бөлімшесінде модульдік оқыту технологиясын бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкестендіру;

- «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістері» бөлімшесінде бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы ережелеріне сәйкес формалары мен әдістерін көрсету;

- Блум таксономиясына сәйкес ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушысының таным белсенділігін қалыптастырудың механизмдерін айқындау;

- «Ұлттық қозғалмалы ойындар» элективті курсын бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы таңдау курсы мен факультативтік курс ретінде қарастыру;

- «Бастауыш сыныптарда дене шынықтыру пәнін модульдік технология арқылы оқыту мен үйретуді жобалау» (Кесте 8) кестесінде берілген модульдің мазмұнында сыныбын нақтылау, бастауыш сынып оқушысының жас және дара ерекшеліктерін ескеру;

- «Ұлттық-қозғалмалы ойындар» курсының модульдік оқыту технологиясы бойынша құрастырылған оқу-тақырыптық жоспары (Кесте 9) мен кестенің астында берілген сабақты бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы тақырыптық жоспарына және сабақ үлгісіне сәйкес келтіру;

- Сурет 6, 7, 8 stud.kz сайтынан алынғандығы туралы сілтемемен көрсету;

- Қате берілген ақпараттарды дұрыстау (Мысалы, 112 бет);

- Диссертацияның өн бойындағы грамматикалық қателерді түзету (мысалы, зерттеудің пәні: оқушылардың танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы

ойындарар қылықалыптастырудағы бастауыш сынып мұғалімнің іс-әрекеті. Әсіресе 17, 18, 25, 26, 29, 38, 40, 45, 55, 59, 62, 72, 79 беттерде қатты байқалады. Сонымен бірге, Ә мен Г қосымшарында «мектеп директоры» деген сөзде т әрпі мен к әрпі ауысып кеткен, бірақ қол қойылып, мөр басылған);

- Бірігіп кеткен сөйлемдер мен сөздерді түзету;

- Түсініксіз сөздерді нормативтік құжаттар мен ресми сөздіктермен сәйкестендіру (мысалы, «өзбеттілікпен» 17, 21 беттер; «математикаландыру» 17 бет);

- Түсініксіз аударылған мәтіндердегі сөздер мен сөйлемдерді мағыналы түрде түзету;

- «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінде» (Сурет 3) бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы тұғырлары мен принциптерді нақтылау;

- Сауалнаманың пайыздық көрсеткіштерін (Кесте 4) эксперименттен кейінгі мәліметтермен салыстыру;

- Диссертацияны нормативтік құжаттармен толықтыру (Мысалы, «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы», «Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары», «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары» т.б.);

- Соңғы бес жылдағы қолданылған әдебиеттер саны – 21, оның ішінде докторанттың мақаласының саны – 8.

Сараптау кеңесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне докторант **Сармантаев Аян Сапаровичтің** 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша әзірленген диссертациясын пысықтауға ұсынады.